**«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ**
**002 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 003 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 020 – Әлеуметтік педагогтарды даярлау бағыттары бойынша**
**Оқу-әдістемелік бірлестігі - Жобаларды басқару топтарының (ОӘБ-ЖБТ)**
**Coursera білім беру платформасына ұсынатын локализацияланған курстың мазмұнын және даярлау бағытына сәйкестігін талқылау мақсатында кезектен тыс онлайн-отырысының**

# №2 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Алматы қаласы 8 ақпан 2024 жыл

**Модератор:** Мейркулова Аида Бакытбекқызы – ҚазҰлтҚызПУ, Академиялық бағдарламалар әзірлеу және сапаны қамтамасыз етуде департаментінің директоры

**Қатысқандар саны:** 39 адам

**Отырыста келесі мәселелер талқыланды:**
1. Coursera білім беру платформасына ұсынатын локализацияланған курстың мазмұнын және даярлау бағытына сәйкестігін талқылау.
2. Әртүрлі мәселелер:
1) Оқу-әдістемелік кеңестен қажеттілікке сәйкес Coursera білім беру платформасының каталогына жаңа кемінде 20 курстың тізімін анықтау;
2) ОӘБ мәртебесін арттыру және тиісті НҚА-ға қажетті өзгерістер енгізу тетігі бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар жіберу;
3) БББ тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламаларына мониторинг жүргізу;
4) Тізілімге енгізу үшін ОӘБ отырыстарында жаңа БББ талқылау жөніндегі мәселені пысықтау;
5) Университет сайтында ОӘБ қызметі туралы ақпаратты жаңарту;
6) Оқу-әдістемелік бірлестігі - Жобаларды басқару топтарының хатшысын ауыстыру.

**Қарастырылған мәселелер бойынша төмендегідей шешім қабылданды:**
1. Coursera білім беру платформасына ұсынатын локализацияланған курстың мазмұнын және даярлау бағытына сәйкестігі талқыланып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Бастауыш білім беру кафедрасы 003 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша төмендегі курстарды студенттеріне оқытуға ұсынылды:
6В01303 – Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен білім беру бағдарламасы үшін:
1) Инновация тұрғысынан дизайндық ойлау жүйесі;
2) Медиа этика және басқару;
3) Цифрлық дәуірдің интеллектуалдық құралдары.
6В01304 – Бастауыш білім көптілділікпен, 6В01305 – Бастауыш білім ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары үшін:
1) Виртуал дәуірдегі коммуникация стратегиялары;
2) Эмоциялық интеллект арқылы шабыттандырушы көшбасшылық.
6В01302 – Бастауыш білім бизнес инновациямен білім беру бағдарламасы үшін:
1) Бизнеске арналған Excel дағдылары. Бастапқы деңгей;
2) Инновация: креативтіліктен кәсіпкерлікке дейін;
3) Бизнес стратегиясы;

4) Кәсіпкерлік негіздері: ойлау және әрекет;

5) 21 ғасырдағы ұйымдарға басшылық ету.

8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша:

1) Статистикалық қорытынды және гипотезалық сынақтың деректер ғылымында қолданысы.

002 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы педагогтарды даярлау бағыты бойынша (магистратура):

1) Цифрлық дәуірдің интеллектуалдық құралдары.

020 – Әлеуметтік педагогтарды даярлау бағыты бойынша Coursera білім беру платформасына ұсынатын локализацияланған курстын мазмұнына сәйкес келмейтіндігі айтылды.

2.1 Оқу-әдістемелік кеңестен қажеттілікке сәйкес Coursera білім беру платформасының каталогына жаңа 13 курстың тізімі анықталды:

1) 012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандарын даярлау бағытына сәйкес Cursera білім беру платформасы бойынша төмендегі курстарды ұсынды:

- магистратура деңгейі бойынша: Philosophy of Science;
- Эмоциональный и социальный интеллект/Emotional and Social Intelligence.

2) 013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағытына сәйкес Cursera білім беру платформасы бойынша төмендегі курстарды ұсынды:

- Assessment in Higher Education: Professional Development for Teachers (Жоғары білім берудегі бағалау: мұғалімдердің біліктілігін арттыру);
- Powerful Tools for Teaching and Learning: Digital Storytelling (Оқыту мен оқудың қуатты құралдары: сандық әңгімелеу);
- Тиімді әріптестік: көшбасшылық, команда және келіссөз;
- Виртуал дәуірдегі коммуникация стратегиялары;
- Эмоциялық интеллект арқылы шабыттандырушы көшбасшылық;
- 21 ғасырдағы ұйымдарға басшылық ету;
- Цифрлық дәуірдің интеллектуалдық құралдары;
- Инновация: креативтіліктен кәсіпкерлікке дейін;
- Шығармашылық құралдар жинағы I: перспективаларды өзгерту;
- Шығармашылық құралдар жинағы II: шығармашылық ынтымақтастық.

020 – Әлеуметтік педагогтарды даярлау бағыттары бойынша Cursera білім беру платформасындағы курстардың сәйкес келмейтіндігі айтылды.

2.2 ОӘБ мәртебесін арттыру бойынша келесідей ұсыныстар ұсынылды:

- ОӘБ-де қаралатын мәселелер ҚР ҒжБМ, Оқу-ағарту министрлігінің және ҚР білім беру ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен талқылану қажет. (Баланы ерте дамыту институты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы т.б.), Ұйымдастыру тетіктері: қарастырылатын мәселелердің ортақ шешімі шығарылуы тиіс;
- ОӘБ-ЖБТ-ның шешімімен жарық көрген оқулықтар, оқу-құралдарын мониторингілеу қажет. Ұйымдастыру тетіктері: білім алушыларға қолжетімді болу үшін электронды баспа түрлері ОӘБ-ЖБТ-ның сайтында тұру қажет;
- ОӘБ-ЖБТ бойынша ұсынылған оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың ортақ талаптарын құрастыру. Ұйымдастыру тетіктері: жұмыс тобын құру арқылы.
- ЖОО-ның профессор-оқытушыларының ғылыми әлеуеті және кадрмен қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізу. Ұйымдастыру тетіктері: 002 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 003 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 020 – Әлеуметтік педагогтарды даярлау бағыттары бойынша ұлттық университеттерде магистратура және докторантура БББ санын көбейту;
- 002 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы; 003 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау; 020 – Әлеуметтік педагогтарды даярлау бағыттары бойынша білім берудің Финляндиялық жобасына көшу. Ұйымдастыру

тетіктері: жоба аясында ЖОО-ның профессор-оқытушыларын жаппай біліктілік курстарынан өткізуді қажет етеді;

- ОӘБ-ЖБТ – ның жұмысына шетел үздік тәжірибелерін енгізу және ғалымдарын тарту. Ұйымдастыру тетіктері: шетел ғалымдарының тәжірибелерімен бөлісуі.

2.3 БББ тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламаларына профессор м.а. 6В01-7М01-8D01 «018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау» бағыты бойынша секция төрағасы М.К.Бұлақбаева БББ реестрінде мониторинг жүргізу барысында «Әлеуметтік педагогика» БББ бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша БББ түрі қолданыстағы БББ болғанымен, көбісінің мәртебесі «Жаңартылған БББ» емес, «Қосылған БББ-мен» қалғаны анықталды. Сонымен қатар, БББ тізіліміне қосылған 6В01802 – Әлеуметтік педагогика (IP) БББ-да оқытылатын келесі пән атауларына өзгеріс енгізуді ұсынды:

1) «Жас ерекшелік және әлеуметтік психология» пәнін «Әлеуметтік психология» пәніне;

2) «Әлеуметтік өзгерістер» пәнін «Әлеуметтік педагогика» пәніне.

6В01-7М01-8D01 «013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша секция төрағасы С.М.Нурбекова БББ реестрінде мониторинг жүргізу барысында ЖОО көпшілігінде БББ жаңармағанын атап өтті. Атап айтқанда, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ бакалавриат бағдарламасы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті және Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті мен М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде БББ 2023 жылы жаңартылғаны анықталды.

6В01-7М01-8D01 «012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағыты бойынша секция төрағасы А.М.Жубандыкова БББ реестрінде мониторинг жүргізу барысында 2022-2023 жылғы БББ-ына 10-30% өзгеріс енгізілгенін анықтады. Финляндия жобасы бойынша БББ-лары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеттерінде енгізілген.

Мониторинг жүргізу барысында алынған мәліметтерге сүйене отырып, қосылған БББ, қолданыстағы БББ-на керек өзгерістер енгізу туралы накты ақпараттарды бере отырып, жаңарту ұсынылды.

2.4 Тізілімге енгізу үшін ОӘБ отырыстарында жаңа БББ талқылау жөніндегі мәселені пысықтауда ЖОО-да БББ тізіліміне енгізілетін БББ қарастырылды. Атап айтсақ:

1) Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде:

- 7М01802 - Әлеуметтік педагогика БББ жасалып, магистратура ашу;

- 7М013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау жаңартылған БББ жасалып, магистратура ашу;

- 8D01101 - Педагогика және психология БББ жасалып, магистратура ашу;

- 8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы ұсынуға дайындық үстінде.

2) Финландия жобасы бойынша:

- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде,

- С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде,

3) Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті бойынша:

- 6В01301 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (бакалавриат);

- 6В01201- Меткепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу БББ-ы Финляндия жобасы бойынша дайындалуда.

4) Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде:

- 6В01802 Әлеуметтік педагогика БББ, бакалавриат деңгейі;
- 7М01802 Әлеуметтік педагогика БББ жасалып, магистратура ашуға дайындық үстінде.

Финляндия БББ жобасы бойынша силлабус, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуді ЖОО-дың профессор-оқытушыларымен бірлесіп құрастыру ұсынылды.

2.5 Университетте институционалды аккредиттеуге дайындықтың жүргізілуіне орай сайтқа жауапты адам қазір бос емес. Жақын арада ОӘБ қызметі туралы ақпарат сайтта толығымен жаңартылады.

2.6 Оқу-әдістемелік бірлестігі - Жобаларды басқару топтарының хатшысы Жалпы және әлеуметтік педагогика кафедрасының оқытушысы А.Қ.Құттыбек болып ауысты.

**ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары,**
**Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор** **Е. Жуманкулова**

**Хатшы** **А. Құттыбек**